

6-тақырып. Мұхтар Әуезов және абайтану мәселелері.

М. Әуезовтің абайтануында қазірде құндылығы өсе түсіп отырған дүние аса мол. Мұхтар Әуезовтің Абайдың ән өлеңдері жайлы пікірінде Абайдың орыс романдары үлгісімен, әнге бейімдеп сөз, шығарғандығымен бірге Шығыстағы бәйіт үлгісіндегі ән өлеңдерін айқындауы – өзге зерттеушілер қозғамаған мәселе.

М. Әуезов атап көрсетіп, айқындаған Абайдағы өлеңнің ғаруз өлшемі жайы да абайтануда әрі қарай елеусіз жалғасып, теориялық тұрғыда аз зерттелген сала.

Абайтанушылар Абайдағы Шығыс әсерін бір замандарда саясатпен шектей сөйлесе, кейінгі кезеңде бұл үлгілер өзіміздің байырғы әдебиеттің, ауыз, ауызша әдебиетіміздің үрдісі еді, сондағы үлгілер еді деген пікірлер өрістей түскен. Бұлар, сөз жоқ, белгілібір дәрежеде негізді. Дегенмен де біздің әдбиетіміздің айнала әлем халықтарының көркемдік дариясының орны ғасырлар бойғы мәдени байланыс, сабақтастық, аралас-кұраластықпен тамырласып жатқан дүние екендігін ескергенде мүлде оқшаулануға болмас.

М. Әуезов Абай өлеңдерін талдауда қаншама ғажайып тілдік оралымға барады. Абайдың сөз айшығымен сөз жарыстырып, ой жарыстырып отыруы қандай.

Сонау жас күнінің өзінде Абайдың сөз өрнегі, сөз өнері жайлы «қыз тілді шешендік» дейді. Абайдың «Қансонардасын» талдауы, «Қақтаған ақ күмістейді» талдау қандай?

М.Әуезов Абай өлеңдерін жазылу мерзім ретіне қарай көрсетіп отыруында, оның бар ақындық қуатының серпінді күш-қозғалысын, эмоциясын орын-орнымен жүйелеп тастап кетіп отырады.

«Тегінде 1886, 1889, 1896 жылдар Абайдың ойшылдық еңбектерінің ең жемісі мол, өнімді жылдары болды», т.б. М.Әуезов Абай ақындығын Абайдың өлеңінің өрісімен, барша аумақ, ауданымен, мүмкіндігінше сабақтастықта зерделеудің толық ғылыми негіздемесін қисындады.